

Суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін белгілеу және алып тастау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 128-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 9 маусымда тіркелді . Тіркеу N 2358. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 23 наурыздағы N 93-НҚ (V053536) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабының б) тармақшасын және 15-бабының 1-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса берілген Суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін белгілеу және алып тастау ережесін бекітілсін .

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Энергетика секторын реттеу жөніндегі департаменті (С.П.Григорьева) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін .

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (А.Т.Шабдарбаев) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін:

1) оны белгіленген тәртіпте ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымдық бөлімшелерінің назарына жеткізсін .

4. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Т ө р а ғ а н ы ң

міндетін атқарушы

К е л і с і л д і :

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л ш а р у а ш ы л ы қ
м и н и с т р л і г і н і ң
С у р е с у р с т а р ы ж ө н і н д е г і
к о м и т е т і н і ң т ө р а ғ а с ы

" ___ " _____ 2003 жыл

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң
С а л ы қ к о м и т е т і н і ң т ө р а ғ а с ы

" ___ " _____ 2003 жыл

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Т а б и ғ и м о н о п о л и я л а р д ы р е т т е у
ж әне б ә с е к е л е с т і к т і қ о р ғ а у
ж ө н і н д е г і а г е н т т і г і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 8 м а м ы р д а ғ ы

№ 1 2 8 - Н Қ б ұ й р ы ғ ы м е н

б е к і т і л г е н

Суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін белгілеу және алып тастау ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1. Суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін белгілеу және алып тастау ережесі " Табиғи монополиялар туралы ", " Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін белгілеу және алып тастау тәртібі мен талаптарын белгілейді.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

су жүргізу ұйымы - суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін табиғи монополия с у б ь е к т і с і ;

тұтынушы - су жүргізу ұйымының қызметтерін пайдаланатын жеке немесе з а ң д ы т ұ л ғ а ;

өтеу кестесі - тұтынушының және су жүргізу ұйымы басшысының қолымен

куәландырылған, тұтынушының су жүргізу ұйымына мерзімі өтіп кеткен несиелік берешегін өтеу кестесі;

уәкілетті орган - табиғи монополия субъектілері саласындағы қызметтерге бақылау және реттеу жүргізетін мемлекеттік орган;

құзыретті орган - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті;

мүдделі мемлекеттік органдар - өздерінің құзыреті күшінде суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін белгілеу және алып тастауға мүдделі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары;

мерзімі өтіп кеткен несиелік берешек - тұтынушының су жүргізу ұйымы алдындағы мерзімінде орындалмаған қаржылық міндеттемелердің, ақшалай қ а р ы з д а р д ы ң с о м а с ы .

Осы Ережеде пайдаланылатын басқа ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес қолданылады.

2. Суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін белгілеу принциптері

4. Уақытша төмендету коэффициенті бұл шараның оларға уақытша төмендету коэффициенті белгіленген мемлекет, су жүргізу ұйымы және тұтынушы үшін экономикалық тиімділігін және мақсаттылығын есептеу негізінде белгіленеді.

5. Уақытша төмендету коэффициентін қолданған жағдайда су жүргізу ұйымы алатын табыстар суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетуге қажетті шығындары жабуға тиісті.

6. Уақытша төмендету коэффициенттері бір жылдан аспайтын белгілі бір у а қ ы т қ а б е л г і л е н е д і .

7. Тұтынушыға уақытша төмендету коэффициентінің қызметін белгілеу ағымдағы міндеттерге 100 пайыз ақы төлеген, су жүргізу ұйымының алдында несиелік берешегі болмаған немесе өтеу кестесіне сәйкес несиелік берешегін өтеген жағдайда жүргізіледі.

8. Уақытша төмендету коэффициенті өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерді тұтыну көлемі артқан кезде, егер өтінімде көрсетілген жоспарланған жылдық көлем:

1) өткен жыл бойы суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерді тұтынудың нақты көлемінен;

2) осы тұтынушы көрсетілген қызметті су жүргізу ұйымының қолданыстағы

тарифінде (бағасында, алым ставкасында) көзделген тұтыну көлемінен жоғары болған жағдайда белгіленеді.

Егер тұтынушы су жүргізу ұйымының қолданыстағы тарифінде (бағасында, алым ставкасында) көзделген тұтыну көлемін рынок конъюнктурасының өзгеруіне байланысты орындамаған жағдайда, ал суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерді тұтынудың жоспарланған көлемі өткен жылғы нақты көлеммен салыстырғанда қолданыстағы тарифте (бағада, алым ставкасында) қабылданған көлемнен аспай көтерілсе, уәкілетті орган осы тұтынушы үшін уақытша төмендету коэффициентін белгілеу кезінде су жүргізу ұйымы қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындысы бойынша өткен жылғы табысы болған жағдайда уақытша төмендету коэффициентін белгілеуге құқылы.

Тұтынушы өткен жылғы суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерді тұтыну көлемінің төмендегенін растайтын ақпаратты төмендеу себебін көрсетіп ұсынуға тиісті.

3. Суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін белгілеу тәртібі

9. Уақытша төмендету коэффициентін белгілеуге үміттенуші тұтынушы бір уақытта оны ұсыну қажеттілігі туралы су жүргізу ұйымына, мүдделі мемлекеттік органдарға, құзыретті органға, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне (бұдан әрі - Салық комитеті) және уәкілетті органға өтінім беруге тиісті.

Су жүргізу ұйымы және мүдделі мемлекеттік органдар, құзыретті орган, Салық комитеті және уәкілетті орган коммерциялық мәліметтерді және өзге де заңмен қорғалатын құпияны жариялағаны үшін белгіленген тәртіпте жауапкершілік артады.

10. Тұтынушының өтініміне осы Ереженің Қосымшасына сәйкес қажетті құжаттар қоса беріледі.

Өтініммен қоса берілетін құжаттар мынадай талаптарға жауап беруге тиісті:

1) әрбір бетке тұтынушының бірінші басшысы не міндетті жүктеу туралы бұйрық немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат қоса беріліп оның міндетін атқарушы тұлға қол қояды, ал қаржы құжаттарына - тұтынушының бас бухгалтері де қол қояды;

2) Өткен кезеңнің нақты деректері тоқсан бойынша бөлумен ұсынылуға тиісті

11. Өтінімді қараудан бас тартуға мыналар негіз болып табылады: осы Ережеге сәйкес талап етілген қажетті материалдар ұсынылмаса немесе толық емес көлемде ұсынылса;

ұсынылған материалдардың осы Ереженің 10-тармағының талаптарына сәйкессіздігі.

Уәкілетті орган, су жүргізу ұйымы, мүдделі мемлекеттік органдар, құзыретті орган және Салық комитеті өтінім түскен күннен бастап 5 жұмыс күннің ішінде тұтынушыға өтінімді қарауға қабылдау не оны қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша түрде хабарлауға тиісті.

Бұлай болғанда тұтынушы бес күндік мерзімде осы факті туралы барлық көрсетілген ұйымдарға және мемлекеттік органдарға растайтын құжаттарды ұсынуден хабарлауға тиіс.

Егер тұтынушы белгіленген мерзімде су жүргізу ұйымының, мүдделі мемлекеттік органдардың, құзыретті органның және Салық комитетінің өтінімді қарауға қабылдағаны туралы растайтын құжаттарды ұсынбаса уәкілетті орган өтінімді қарау мерзімін 7 жұмыс күннен аспайтын мерзімге тоқтатады.

Осындай тәртіп бұзушылықтар жойылған кезде өтінімді қарау мерзімі осы Ереженің 12-тармағында көзделген мерзімдерді ескеріп жаңартылады.

Өтінімді қарау тоқтатылған сәттен бастап көрсетілген тәртіп бұзушылықтар 7 жұмыс күннің ішінде жойылмаса, бұл уәкілетті органның өтінімді қабылдамауына негіз болып табылады.

12. Уәкілетті орган, су жүргізу ұйымы, мүдделі мемлекеттік органдар, құзыретті орган және Салық комитеті қажет жағдайда қосымша ақпарат сұратуға құқылы, бұлай болғанда өтінім мерзімі 7 жұмыс күніне тоқтатылады. Осы ақпарат сұрау берген сәттен бастап 7 жұмыс күннің ішінде ұсынылмаса, онда бұл барлық мүдделі ұйымдарға және мемлекеттік органдарға жазбаша хабарлама жіберіп өтінімді қабылдамауға негіз болады.

13. Су жүргізу ұйымы, мүдделі мемлекеттік органдар, құзыретті орган және Салық комитеті тұтынушыдан негіздеуші материалдарды алған күннен бастап 15 жұмыс күннің ішінде уәкілетті органға және тұтынушыға уақытша төмендету коэффициентін белгілеудің экономикалық мақсаттылығы және мақсатқа сай емес екендігі туралы қорытынды ұсынады. Осымен бірге су жүргізу ұйымының және құзыретті органның қорытындыларында уақытша төмендету коэффициентінің ұсынылған деңгейінің есебі және оны белгілеуге негіздеме келтірілуге тиіс.

Су жүргізу ұйымы, мүдделі мемлекеттік органдар, құзыретті орган және Салық комитеті белгіленген мерзімде қорытындыларын ұсынбаған жағдайда уәкілетті органның өтінімді қарау мерзімі барлық қажетті қорытындыларды алғанға дейін, бірақ 10 жұмыс күнінен аспайтын уақытқа тоқтатылады.

Су жүргізу ұйымы, мүдделі мемлекеттік органдар, құзыретті орган және Салық комитеті өтінімді қарау тоқтатылған сәттен бастап 10 жұмыс күннің ішінде қорытындыларын ұсынбаған жағдайда уәкілетті орган өтінімнен бас тартуға құқылы.

14. Уәкілетті орган қажетті қорытындыларды және тұтынушыдан қосымша сұратылған материалдарды алған күннен бастап 30 жұмыс күннің ішінде тұтынушы ұсынған негіздеуші құжаттарға және су жүргізу ұйымының, мүдделі мемлекеттік органдардың, құзыретті органның және Салық комитетінің қорытындыларына сараптама жүргізеді.

15. Уәкілетті орган жүргізілген сараптама қорытындысы негізінде уақытша төмендету коэффициентін белгілеу не ондай белгілеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Уақытша төмендету коэффициентін белгілеу туралы шешім уәкілетті органның бірінші басшысының не оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығы түрінде, тұтынушыға уақытша төмендету коэффициентін ұсыну талаптарын көрсетіп, қабылданады.

Уақытша төмендету коэффициентін белгілеуден бас тартқан жағдайда уәкілетті орган тиісті уәждемелі қорытынды шығарып, оны тұтынушыға, су жүргізу ұйымына, мүдделі мемлекеттік органдарға, құзыретті органға және Салық комитетіне жолдайды.

16. Егер су жүргізу ұйымы, мүдделі мемлекеттік органдар, құзыретті орган және Салық комитеті уақытша төмендету коэффициентін ұсынуға келіспейтіні туралы қорытынды шығарса, соңғы шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

4. Суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) белгіленген уақытша төмендету коэффициентін қолдану

17. Су жүргізу ұйымы нақты тұтынушы үшін бұйрықпен белгіленген уақытша төмендету коэффициентін су жүргізу ұйымы мен тұтынушы арасында жасалған шартқа толықтырулар негізінде қолданады. Шарттағы осы толықтыруларда тұтынушының тиісті уақыт кезеңінде уақытша төмендету коэффициентін қолданусыз көрсетілген қызметтерді тұтынудың нақты орындалған көлеміне есеп айырысу түрінде суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерді тұтынудың мәлімделген көлемін орындамаған жағдайдағы жауапкершілігі көзделген. Су жүргізу ұйымы есеп айырысуды уәкілетті органның келісімі бойынша жүргізеді.

Су жүргізу ұйымы мен тұтынушының арасында жасалған шартқа толықтырулар Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіпте осы Ереженің 15 тармағында көрсетілген бұйрықтың күшіне енген күннен бастап 7 жұмыс күннен кешіктірмей жасалуға тиісті.

18. Су жүргізу ұйымы тоқсан сайын уәкілетті органға, құзыретті органға және Салық комитетіне уақытша төмендету коэффициенті қолданылған есепті кезеңге

суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің нақты ұсынылған көлемі туралы ақпарат ұсынуға тиіс.

19. Уақытша төмендету коэффициентін алған тұтынушы тоқсан сайын уәкілетті органға осы тұтынушының қызметтерін пайдаланатын заңды және жеке тұлғалардың тізімін міндетті түрде көрсетіп, жасалған шарттар бойынша олар ұсынатын қызметтер көлемдері туралы ақпарат ұсынуға тиіс.

20. Уәкілетті орган осы Ереженің 7 және 8-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес болған жағдайда әрбір тұтынушыны уақытша төмендету коэффициентін қолдану құқығымен қамтамасыз етуге тиіс.

Егер уақытша төмендету коэффициентін алуға үміттенуші және осы Ереженің 7 және 8-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес тұтынушы су жүргізу ұйымының қызметіне тариф бекіту кезінде суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерді тұтыну көлемін негізсіз төмендеткені белгілі болған жағдайда, уәкілетті орган осы тұтынушыға уақытша төмендету коэффициентін ұсырудан бас тартады.

5. Суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін алып тастау тәртібі

21. Уақытша төмендету коэффициентінің қолданысы белгіленген мерзім өткеннен кейін, сондай-ақ су жүргізу ұйымының қызметтеріне жаңа тарифтер енгізген сәттен бастап тоқтатылады.

22. Белгіленген уақытша төмендету коэффициенті белгіленген мерзім өткенге дейін мынадай жағдайлардың біреуі болғанда алынуы мүмкін:

1) уақытша төмендету коэффициенттерін бұдан әрі қолданудың экономикалық тиімсіздігі;

2) тұтынушының су жүргізу ұйымына мерзімі өтіп кеткен берешегі пайда болған немесе өтеу кестесін орындамаған жағдайда;

3) осы Ереженің 8-тармағында белгіленген критерийлерге сәйкес келмеуі;

4) бұйрықта және осы Ереженің 17-тармағына сәйкес жасалған шарттың толықтыруларында көзделген талаптар орындалмаған жағдайда;

5) осы Ереженің 18-тармағында белгіленген талаптарды бұзған жағдайда.

23. Осы Ереженің 22-тармағында көрсетілген талаптар пайда болған жағдайда су жүргізу ұйымы бұл туралы ақпаратты уәкілетті органға кешіктірмей ұсынуға тиіс.

Тұтынушы, құзыретті орган, Салық комитеті және мүдделі мемлекеттік органдар уәкілетті органға уақытша төмендету коэффициентін алып тастау қажеттігін негіздейтін құжаттарды ұсынып, оны уақытынан бұрын алып тастау туралы ұсыныс жасауға құқылы.

Су жүргізу ұйымы өзі уақытша төмендету коэффициентін қолданыстан алып

Уақытша төмендету коэффициентін уақытынан бұрын алып тастау туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

24. Ұсынылған қорытындыларды ескеріп, уәкілетті орган уақытша төмендету коэффициентін уақытынан бұрын алып тастау бойынша негіздеуші құжаттарға, бұндай құжаттарды алған сәттен бастап 30 жұмыс күннің ішінде сараптама жүргізеді.

25. Жүргізілген сараптама қорытындысы бойынша уәкілетті орган бұйрық түрінде уақытша төмендету коэффициентін алып тастау туралы шешім қабылдап, ол туралы шешім қабылдаған сәттен бастап 7 жұмыс күннің ішінде тұтынушыға, су жүргізу ұйымына, құзыретті органға және Салық комитетіне хабарлайды.

26. Уақытша төмендету коэффициентін уақытынан бұрын қолданыстан алып тастау туралы ұсыныс қабылданбаған жағдайда уәкілетті орган осындай ұсыныс жасаған тұлғаға жіберілетін уәждемелі қорытынды шығарады.

Суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін белгілеу және алып тастау ережесіне қосымша

Суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін белгілеуге үміттенуші тұтынушы ұсынатын материалдар

1. Уақытша төмендету коэффициентін ұсынуға өтінім (еркін түрде), жоспарланған деңгейін көрсетумен.

2. Қызметті тұтынушының толық атауы (жеке немесе заңды тұлға), қызмет түрі.

3. Уақытша төмендету коэффициентінің жоспарланған деңгейінің есебін қосып, оны белгілеу қажеттілігі туралы анықтама-негіздеме.

4. Суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтердің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін белгілеу нәтижесінде бюджет алдындағы салықтық міндеттерінің сақталуы немесе өсуі туралы анықтама-негіздеме.

5. Салық төлеуші ретінде тіркелгені туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі.

6. Қызметті тұтынушының баланс көлеміндегі қаржы-шаруашылық

қызметінің талдауы және алдыңғы жылға түсіндірме жазба (тоқсан, ж а р т ы ж ы л д ы қ) . *

7. Су жіберу ұйымының алдындағы берешегінің жай-күйі (ағымдағы айдың бірінші күніне өзара есептесуді салыстыру актісі және тұтынушының су жүргізу ұйымының алдындағы тұтынушы және су жүргізу ұйымының бірінші басшысының қолымен куәландырылған несиелік берешегін өтеу кестесі).

8. Тарифтерді және ақы төлеу сомасын көрсетіп, айларға бөлумен суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерді тұтынудың нақты (өткен жылдың сәйкес кезеңінде) және ж о с п а р л а н ғ а н к ө л е м і .

9. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу туралы куәлігінің немесе заңды тұлғаны құрмай (жеке кәсіпкердің) мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі.

10. Шығарылатын өнімнің атауы, шығарылатын өнімнің шығын баптары бойынша бөлумен өзіндік құны (соның ішінде суды магистралды труба құбыры және (немесе) арна арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерге ақы төлеуге а р н а л ғ а н ш ы ғ ы н д а р) .

11. Жеке тұлғаның қызмет түрін растайтын басқа да бар мемлекеттік құжаттар (шаруа қожалығы үшін - жер беру актісі немесе жер телімін жалдау т у р а л ы ш а р т) . * *

12. Тұрғылықты жерінен анықтама, СТН көшірмесі, жеке басының куәлігі немесе төлқұжаты. **

*) з а ң д ы т ұ л ғ а л а р ү ш і н
**) жеке тұлғалар үшін